Өңделмеген табиғи алмастардың халықаралық сертификаттау схемасының сертификат нысанын бекіту және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 5 қазандағы № 677 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 2 қарашада № 15959 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 2024 жылғы 20 желтоқсандағы № 432 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 20.12.2024 № 432 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 маусымдағы № 356 қаулысымен бекітілген Кимберлий процесінің сертификаттау схемасын ескере отырып, өңделмеген табиғи алмасты Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан әкету қағидаларының 16-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған өңделмеген табиғи алмастардың халықаралық сертификаттау схемасының сертификат нысаны бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз тасығыштағы және электрондық нысандағы көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі *Ж. Қасымбек*

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2017 жылғы 5 қазандағы
№ 677 бұйрығымен бекітілген
Нысан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ИНВЕСТИЯЛАР ЖӘНЕ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ МИНИСТЕРСТВО ПО ИНВЕСТИЦИЯМ И РАЗВИТИЮ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН THE MINISTRY FOR INVESTMENTS AND DEVELOPMENT OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN Өңделмеген табиғи алмастардың халықаралық сертификаттау схемасының сертификаттың № _____
№ _____ сертификата международной схемы сертификации необработанных природных алмазов № _____ of certificate of international certification scheme for rough diamonds

KZ
KIMBERLEY PROCESS CERTIFICATE

Берілген күні/ Дата выдачи/ Date of issue "____"_____ *(күні, айы, жылы)/ (день, месяц, год)/* *(day, month, year)*	**Қолдану мерзімі**/ Срок действия/ Date of expiry "____"_____ *(күні, айы, жылы)/ (день, месяц, год)/* *(day, month, year)*
Экспорттаушы _____ Экспортер/*Exporter* *(елдің коды, елі, кәсіпорынның атауы, (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда), тіркеу орны, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН)/жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)/*	

(код страны, страна, наименование предприятия (фамилия, имя, отчество (при наличии) физического лица), место регистрации, бизнес-идентификационный номер (БИН)/ индивидуальный идентификационный номер (ИИН)/

(country code, country, name of organization (full name of individual) registration place, business identification number (BIN)/personal tax reference number (PTRN)

Алушы_____

Получатель/Consignee

(елдің коды, елі, кәсіпорынның атауы, (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда), тіркеу орны)/

(код страны, страна, наименование предприятия (фамилия, имя, отчество (при наличии) физического лица), место регистрации)/

(country code, country, name of organization (full name of individual) registration place

Келісімшарттың № _____ Контракт № /Contract №	"_____"_____ *(күні, айы, жылы)/(день, месяц, год)/* *(day, month, year)*
СЭҚ ТН тауар коды: _____ __ Код ТН ВЭД товара/ Code system	**Шығарған (өндірген) ел** _____ Страна происхождения (добычи)/ Country of Origin (mining)

СЭҚ ТН тауар коды: ____ _____ Код ТН ВЭД товара/ Code system	**Шығарған (өндірген) ел** _____ Страна происхождения (добычи)/ Country of Origin (mining)			
Code HS		weight in carats	Value, USD	**Алмастардың жалпы салмағы:**_____карат/ карат/ carats Общая масса алмазов/ Total diamond weight
7102.10	**Саны**_____ **дана**/ Количество/ Number of pieces			
7102.21				
7102.31				
Total				

Алмастардың жалпы құны:_____**АҚШ долл./** долл. США/ US $

Общая стоимость алмазов/Total diamond value

Осы партиядағы (жеткізу) өңделмеген табиғи алмастар Кимберлі үдерісінің өңделмеген табиғи алмастарды сертификаттау халықаралық схемасы ережесіне сәйкес рәсімдеуден өтті./

Необработанные алмазы в настоящей партии (поставке) прошли оформление в соответствии с положениями международной схемы сертификации необработанных природных алмазов Кимберлийского процесса./

The rough diamonds in this shipment have been handled in accordance with the provisions of the Kimberley Process Certification Scheme for rough diamonds.

Пломба нөмірлері/ Номера пломб/ Numbers of seals	**Мемлекеттік бақылаушы**/ Государственный контролер/ State Controller

Ұйымның басшысы_____

Руководитель организации/Head of organization

(лауазымдық тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда)/

(фамилия, имя, отчество (при наличии) должностного лица)/

(full name of the official)

мөр орны (бар болғанда)/

место печати (при наличии)/

the place for the stamp (in the presence)

KZ

Алмастар импортын растау талоны №_____
_____

Талон подтверждения импорта алмазов/

Coupon of diamond import confirmation

_____
_____

Импорт елі/ Страна импорта/ Country of import

_____
_____

Жіберушінің атауы/ Наименование отправителя/ Name of consignor

_____
_____

Алушының атауы/ Наименование получателя/ Name of the receiver

Келісімшарттың №_____ "____"_____ _____
_

№ контракта/ № of Contract от/of *(күн, айы, жылы)/ (день, месяц, год)/*

(day, month, year)

Салмағы _____ карат/ карат/ carats

Масса/ Weight

Құны _____ АҚШ долл./долл. США/ US $

Стоимость/ Value

СЭҚ ТН тауар коды: _____

Код ТН ВЭД товара/ Code system

Code HS	weight in carats	Value, USD
7102.10		
7102.21		
7102.31		
Total		

Алу күні "_____" _____ _____

Дата получения/ Date of receipt *(күні, айы, жылы)/ (день, месяц, год)/*

(day, month, year)

Мемлекеттік бақылаушы/Государственный контролер/ State Controller

Рәсімдеу күні "_____" _____ _____

Дата оформления талона/Date of registration *(күні, айы, жылы)/ (день, месяц, год)/*

(day, month, year)

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму

министрінің
2017 жылғы 5 қазандағы
№ 677 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің күші жойылды деп тануға жататын кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Кимберлий үдерісінің сертификаттау схемасын есепке ала отырып, Қазақстан Республикасының сертификатын ресімдеу және беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2012 жылғы 26 желтоқсандағы № 478 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8256 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінде 2013 жылғы 17 қаңтарда № 23-28 (27967) жарияланған).

2. "Асыл тастармен, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдармен, сондай-ақ өңделмеген табиғи алмастармен операцияларды жүзеге асыратын заңды тұлғалар (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісінен басқа) мен жеке кәсіпкерлерді арнайы есепке алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2012 жылғы 26 желтоқсандағы № 479 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8257 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінде 2013 жылғы 17 қаңтарда № 23-28 (27967) жарияланған).

3. "Асыл тастармен, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдармен, сондай-ақ өңделмеген табиғи алмастармен операцияларды жүзеге асыратын заңды тұлғалар (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен басқа) мен жеке кәсіпкерлерді арнайы есепке алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2012 жылғы 26 желтоқсандағы № 479 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 9 қыркүйектегі № 24 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9789 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінде 2015 жылғы 2 сәуірде " № 59 (27935) жарияланған).

4. "Асыл тастарды және (немесе) өңделмеген табиғи алмастарды сатып алуға берілген келісімшарттар (шарттар) бойынша экспорттаушылардың (Кеден одағына мүше мемлекеттердің ішкі нарығында өңделмеген асыл тастарды және (немесе) өңделмеген табиғи алмастарды сатып алу) мәмілелерін есепке алу туралы растауды беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2012 жылғы 26 желтоқсандағы

№ 480 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8258 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінде 2013 жылғы 17 қаңтарда № 23-28 (27967) жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК